

Сыдықова Жанымгул,
Асанов Сейілбек

**ОРАЛХАН БӨКЕЙ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ
МОТИВТЕР КӨРІНІСІ**

(«САЙТАН КӨПІР» ЖӘНЕ
«ҚАР ҚЫЗЫ» ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Резюме

Данная статья посвящена к творчеству писателя Оралхана Букея. В частности анализируется общие мотивы в рассказах «Мост сатаны» и «Снежная девушка».

Resume

This article is dedicated to the creation of the writer Oralkhana Bokey. In particular, examines common motifs in the stories "Bridge of Satan" and "Snow Girl".

Özet

Makalede yazar Oralhan Bökeyev'in «Şeytan Köprüsü» ve «Kar Kızı» eserlerindeki ortak motifler üzerinde durulmuştur.

Әдебиет теориясын зерттеушілер Веселовский, В. Пропп еңбектерінде әдеби термин ретінде зерттеле бастаған әдебиеттану ғылымының мотив категориясы - шығармаларды кеңінен зерттеуге жол ашатын әдеби терминдердің бірі. Қазіргі ғылымда мотив мәтіндегі тұрақты белгілері бар ең ұсақ, құрылымдық мағыналық бірлік деп бағаланып жүр. Веселовский, Пропп, Мелитинский, Хализев, Гаспаров, Рамадановская сияқты ғалымдар мотивтің атқаратын қызметін жан-жақты әдеби талдаулар негізінде қарастырған.

Біздің қарастырғалы отырған ортақ мотивтердің шығармадағы көрінісі көп жағдайда өмірдің өзінен туындайды. Заманның мойнына түскен жүкті, қиыншылықты жазушы аңғармай қоймайды. Кейде бір жазушының бірнеше шығармасынан ортақ мотивтерді молынан кездестіруге болады.

Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» және «Сайтан көпір» шығармаларында ортақ мотивтік ұқсастықтар ерекше байқалады. Кезінде әр уақытта жазылған шығармалар кейін «Сайтан көпір», «Қар қыздың» жалғасы ретінде танылған. Шығармаларды әр қырынан талдауға болады. Ең бастысы, О. Бөкей шығармаларында жалғыздық туралы элегиялық сарын басым. «Қар қызы» мен «Сайтан көпір» туындылары табиғат, өмір, адам проблемасы, сырты-бүтін, іші-түтін әлемнің астарын ақтаруға тырысатын шығармалар болғандықтан мотивтік ұқсастықтарды анықтау шығармаларды жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Зерттеуші Б. Құралқанова «Қар қызы неге қызықтыра береді?» деген мақаласында жазушының суреттеп отырған іс-әрекетіне, оқиға өтетін орнына, объективтік кеңістікке кеңінен тоқталады. «Аталған кеңістік бірнешеу: біріншісі-кейіпкерлердің туған ауылы, Нұржанның сөзімен айтқанда, «үлкен жер», «үлкен дауы бар ел»; екіншісі- табиғат кеңістігі: Алтай өңірі. Ауыл-тұйық кеңістіктің образы: «Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп, қаздың жұмыртқасындай томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз» (1,77). Ал, табиғат кеңістігі ашық, шексіз кеңістік ретінде қабылданады;

қар қызы да Нұржанды сол «кеңістікке, мәңгілікке, шексіздікке» шақырады; «Нұ-р-ж-а-н.. сен кет бұл ауылдан, мүлдем кет, мәңгілікке кет ... саған еркіндік жоқ... Еркін өмір жоқ... Кеңістікке кет... ер менің соңымнан... ер» (2,238) деп кеңістік категориясын ашқан. Тұйық кеңістік аталған ауыл тіршілігі адамның характерін аша алмайды, автор оны табиғат кеңістігіне алып шығып ашады. Себебі, табиғат кеңістігі кең, әрі адамның өз-өзін тану үшін зор құрал ретінде шығармаға енген. «Қар қызы» повесінің жалғасы саналатын «Сайтан көпір» повесінде де кеңістік мәселесі айрықша көзге түседі. Баласын іздеп шыққан Аспан шал арқылы көптеген шиеленіс, тартыс, кеңістік мәселесі табиғат аясында ашылады. Яғни, табиғат кеңістігі адамның шындалып, ішіндегі мұң-қайғысын түсініп, өзін құрбандыққа шалатын жер. Жазушының өзі айтқанындай: «Ол повесте менің айтайын дегенім тракторшылар өмірі емес, кеңістік пен жалғыздық мәселесі, адамның кеңістікті түйсінуі, қабылдауы, кеңістіктің жалғыздыққа ықпалы» (1, 78).

Әдебиеттану ғылымында соңғы кездері сөз болып жүрген қоғамды жатсыну проблемасы бір дәуірдің қаламгерлері Төлен Әбдіков, Дулат Исабеков, Оралхан Бөкей шығармашылығында кездеседі. О.Бөкейдің «Сайтан көпір» повесінде: «Адамнан өткен қасқой не бар екен бұл жалғанда: ендеше, табиғатқа біздерден өгей ештеңе де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді жасқана жасырамыз, жанталаса қорғаймыз» (2, 232) десе, «Қар қызы» атты повесте жатсынудың проблемасы символдық бейнемен суреттелген: «Елге, адамдарға сәлем айт, апа, енді мен ешқашан да адам болғым келмейді», (2,371) яки болмаса, «Екі аяқты атаулының бәр-бәрінен көңілім қалды да, үстіме аппақ көйлек киіп қырға шығып ән саламын» (2, 377).

«Айқай», «Жаңғырық» мәселесі - екі шығармаға да тән концепциялар. Ол терминдердің тууына әсер еткен проблемалар үйлесімділіктің жоғалуына байланысты. Мысалы, «Сайтан көпір» повесінде, - Айт! Айт көкейіндегіні!-деп АЙҒАЙЛАДЫ АНАУ (2, 229) деп суреттелсе, «Қар қызы» повесінде осы мәселеге қатысты бірнеше дерек келтіруге болады: «Айқайлаған үнімізді естіп, кеңірдектен қар кешіп, бойымыз суып бара жатқанын кім естіп, көріп тұр бұл жалғанда», -деп үйлесімділіктің, дүниеге сыймаудың проблемалары айқын көрінеді. (2, 326).

Табиғат. Өмір. Адам. Аталған үш ұғымның ішінде «табиғат» және «адам» үйлесімділігі «Сайтан көпір», «Қар қызы» повестерінде көрінгендей. Автор осы екі шығармасында «Аспан шалды», оның баласы «Аманды», «Қар қызындағы» «Нұржанды», «Аманжанжы» табиғаттың үйіне тастап кетеді. Дәл осы кезде автор табиғатпен кейіпкерді оңаша қалдырып сөйлеткізеді, кейіпкердің жеке қасиеттерін ашады. Дәл осы кезде жануарлармен сөйлеткізеді, олармен «ассалом алейкум аюым», «қасекендер» деп үйлесім табуға шақырады.

Соғыстан жиіркену, оның зардабын тартқан адамдардың өмірін жазушы екі шығармаға енгізіп қана қоймай, «Мы-дети войны. Мы- законное дитя эпохи» (2,307) деп проблемалық түрде көтереді. Соғыстан аман келгендерге «кінәлі» ретінде кінә тағу проблемасы екі шығармаға да тән. «Сайтан көпірдегі» Аспан шал кезінде еліне аман оралған болатын, қара жауып отырған әйелдерге күйеулерін мен өлтіргендей кінәлі болдым деген сияқты күй кешкен. «Қар қызы» повесінде «Бәріне де соғыста өлгендер емес, соғыстан аман келгендер «кінәлі» (2, 288) проблемасы көтеріледі.

Төрт мүшесі сау адам ретінде өмір сүру, сосын мүгедектіктің зардабын, адам психологиясының мүгедек болып қалуы жоғарыдағы повестерде кездесетін детальдар. Мысалы, «Қар қызы» повесінде «Үй иесі орыстың екі аяғы тізесінен жоқ, томардай шолақ екен» (2,334). Ал, Аспан шал мәселесінде шолақтық, мүгедектік – лейтмотивтің ролін атқарады.

Шығармалардағы кейіпкер характері психологиялық ерекшеліктермен, шынайы әсерлілігімен оқырман назарын жаулап алады. Жазушының көтерген мәселесі- әлемдік проблемалар қатарынан ойып алынған адамзаттың шешілмес, шешілсе де емделмес проблемалары еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құралканова Б. //Қар қызы неге қызықтыра береді?// Ақиқат журналы, №6. 2007. 77б.
2. Бөкей О. Таңдамалы, I том. Алматы: 1995. -500 б.